

8D10110 «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «COVID-19 короновирустың инфекциямен ауыргандардың танымдық бұзылыстарын гирудотерапиямен емдеуін негіздеу»

тақырыбындағы докторант Серікбаева Салтанат Жақсылыққызының докторлық диссертациясына

## ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІ ПІКІРІ

Бұгінгі таңда COVID-19 инфекциясымен зардап шеккен сырқаттардың дүние жүзі бойынша саны 682 миллионнан артық болса, Қазақстан Республикасында олардың саны 1 411 831 адамды құрайды (ресми мәлімет 13.04.2024ж).

Дүниежүзілік статистика бойынша ересек тұрғындар арасында постковидті синдроммен (ПКС) 8,4-12% зардап шегеді, ал бұл көрсеткіш ҚР бойынша жүйке жүйесінің патологиясының құрылымында 17,3% құрайды және оның жиілігі жасының өсуіне байланысты 2-3 есе өседі. Жалпы өлім көрсеткішінің себебі ретінде ишемиялық инсульт ауруы 53-55% құрайды. ПКС ишемиялық инсульт сырқаттардың өлімінің 90% жүректің ишемиялық ауру мен мидаң инсульті себеп болып табылады. Науқастарда артериялық гипертонияның орын алуы ишемиялық инсульттің даму қаупін 1,5-1,6 есе өсіреді және бұл сырқаттарда өлім көрсеткіші 2 есе артады [Рябова А.Ю. и соавторы, 2023; Zhon B. et al. 2021]. Осыған байланысты ПКС ишемиялық инсультпен ауыратын науқастарды ерте емдеу - алдын-алу іс-шараларын өткізу ең жоғары клиникалық және экономикалық нәтижелер береді. ПКС емдеу үшін нейропротекторлық дәрілерді және табигаттық емдік әдістермен сырқаттарды онтайлы емдеу үшін қолдану өзекті мәселенің бірі.

Медициналық сұлікті ПКС емдеу үшін қолданғанмен [Орманов Н.Ж., Серікбаева С.Ж. 2022ж. Түркістан] гирудотерапияның емдеу тиімділігін, қауіпсіздігін және онтайлы фармакотерапиясын фармакоэкономикалық тұрғыдан талдау ғылыми әдебиеттерде мәліметтер кездеспейді. Осы жағдайды ескере отырып постковидті синдромды (ПКС) пациенттерді гирудотерапиямен емдеу барысында нейропротекторлармен салыстырмалы тұрғыдан талдау жасау неврологияның және гирудотерапияның өзекті мәселесі болып табылады.

**Жұмыстың мақсаты.** Постковид синдромының неврологиялық түрі бар науқастарды актовегинмен құнарланған гирудотерапияның ксенобиотикке сезімталдығына байланысты қолдануын негіздеу.

Диссертациялық жұмыс дәстүрлі әдіспен жазылып, олар келесі тараулардан тұрады: кіріспе, әдебиетке шолу, зерттеу материалдары мен әдістері, зерттеу нәтижелері 14 шрифтпен терілген.

Әдебиеттер шолу тарауында бұгінгі таңға лайықты, заманауи әдебиеттік мәліметтер келтіріліп, оларды сынақты – сараптама жағдайында өрнектелген.

II тарауда жұмыс барысында қолданған әдістерге негізде көрсету арқылы жазылған.

III тарау докторанттың іздену және табжылмай еңбегінің нәтижесінде алынған, статистикалық бағытпен өндөлген зерттеу нәтижелері көрсетілген.

«Постковидті синдроммен ауыратын науқастардағы неврологиялық жағдайына дәстүрлі және түпнұсқалы гирудотерапияның әсерлері» атты бөлімінің көлемі 21 беттен, 7 кесте және 20 суреттен тұрады. Тараудың сонында алынған нәтижелерге дәлдік сараптама жасап диссертант осы бөлім бойынша өз пікірін білдіріп тұжырымдама жасайды. Осындағы өрнектеу тәсілдері диссертацияның басқада өздік зерттеу бөлімдерін, соның ішінде төртінші, бесінші, алтыншы бөлімдерінде орын алғандығы айқындалады.

Диссертацияның бөлімдері тұжырым, қорытынды және практикалық ұсыныстармен өрнектеліп, қолданған әдебиеттер тізімдерін өрнектеу арқылы жазылған. Диссертацияның мәні сауатты, дәйекті және қысқаша түсінікті стильмен баяндалған. Орындалған зерттеулердің көлемі, маңызы және рәсімделуі бойынша ҚР-да докторлық диссертацияларға ұсынылатын диссертация талабына толық сәйкес келеді.

Серікбаева Салтанат Жақсылыққызының диссертация орындалу барысындағы алынған тиянақты, дәлелді мәліметтер бірнеше дүниежүзілік Ақтөбе 2023ж., Халықаралық ғылыми практикалық конференцияларда баяндалды. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері алыс шетелдік және ҚР-ның білім министрлігінің ЖАҚ комитетінің көрсетілген басылымдарында жарық көрді.

Серікбаева Салтанат Жақсылыққызының диссертация орындалу барысындағы алынған тиянақты, дәлелді мәліметтер бірнеше дүниежүзілік Семей-Чита 2023, Туркестан 2022, Шымкент 2023. Халықаралық ғылыми практикалық конференцияларда баяндалды. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері алыс шетелдік Scopus және ҚР-ның Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің көрсетілген басылымдарында жарық көрді.

31.10.2024ж. № 2023/0067 «Способ определения лечебной персонализированной дозы медицинских пиявок при гирудотерапии» алу арқылы өрнектелген.

Серікбаева С.Ж. докторантурасында оку кезінде өзіне мақсат қоя алатын және қойылған міндеттер арқылы сауатты мәселені шеше алатын атқарушы, жауапты, ізденуші, дарынды ізденуші екенін дәлелді. Клиникалық зерттеулер кезінде өте сезімтал, заманауи әдістерді қолдана отырып, жоғарғы сенімділікті, кәсіби деңгейде, күмән тудырмайтын сараптама жасай білетін білікті маман екендігін көрсетті. Жұмыстың өзектілігі, жаңалығы және практикалық маңыздылығы, сондай-ақ материалдардың мазмұны, баяндаудың презентациясы және дизайны бойынша диссертациялық жұмыс жоғары деңгейдегі толық аяқталған ғылыми зерттеу деп бағаланады.

Серікбаева С.Ж. ғылыми еңбегі, докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес келеді, ал оның маңызы 8D10101

«Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия (PhD) докторы атты академиялық дәрежесін алуга толық лайық деп санаймын.

Фылыми жетекшісі,

Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы

«Жұқпалы аурулар және дерметовенерология»

кафедрасының менгерушісі,

медицина фылымдарының

кандидаты, профессор



Абуова Г.Н.

КУЖАТТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫН АЙҚЫНДАЙМАЫН  
ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН  
МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫНЫҢ  
КАДРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ БӨЛІМІ

Абуова Г.Н.